

II. ЭТНОСТАР ЖӘНЕ ТАРИХ ETHNIC GROUPS AND HISTORY ЭТНОСЫ И ИСТОРИЯ

ӘОЖ 304.5-055.2
ҒТАХР 04.21.51

ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БІРЕГЕЙЛІККЕ ЫҚПАЛЫН ЗЕРТТЕУ: ӘДІСНАМА ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Эльмира Отар

ҒСК ҚХА Жас ғалымдар клубының тең төрағасы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті,
әлеуметтанушы-аналитик, PhD
Астана, Қазақстан
e-mail: ot_el@mail.ru

Ботагоз Бегманова

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының бас менеджері
Астана, Қазақстан
e-mail: begmanbotagoz@gmail.com

Аңдатпа. Мақала Қазақстанның оңтүстігіндегі этникалық қауымдастықтарда азаматтық және этникалық бірегейліктің қалыптасуын және құндылықтар мен нормалардың ұрпақаралық сабақтастығының негізгі агенттері ретінде әйелдердің рөлін талдауға арналған. Эмпирикалық база Шымкент қаласы мен Түркістан облысының моно- және полиэтникалық аймақтарында (өзбек, түрік, тәжік, күрд, кәріс әйелдері; салыстыру үшін – қазақ әйелдері) жүргізілген 130-дан астам нарративтік тереңдетілген сұхбаттар мен қатыстық бақылауларды қамтиды.

Сапалық зерттеу дизайны күнделікті әлеуметтенудің тетіктерін реконструкциялауға және этникалық, ұлттық және азаматтық бірегейліктердің қалай қатар өмір сүріп, тоғысуын байқауға және талдауға мүмкіндік берді. Әйелдер практикалары бір мезетте этномәдени маркерлерді (тіл, дәстүрлер, діни және отбасылық формалар) сақтауды және жалпыазаматтық ұстанымдарды (еңбек, жауапкершілік, нормаларды сақтау) меңгертуді қамтамасыз ететіні көрсетілді. Аймақтық айырмашылықтар (моно-/полиэтникалық орта, қала/ауыл) мен өмірлік траекториялар (білім алу, кәсіби жұмыспен қамтылу, отбасылық шешімдер) жастар арасында бірегейліктің әртүрлі конфигурацияларын айқындайды. Зерттеу нәтижелері отбасылық әлеуметтенудің шекараларын айқындауда және балаларда әрі азаматтық, әрі этникалық бірегейлікті қалыптастыруда аналардың басым рөлін растайды.

Мақала сапалық деректердің үлкен базасына (139 нарративтік сұхбат және қатыстық бақылаулар) сүйенеді және «Қазақстан этникалық қауымдастықтарындағы әйелдер азаматтық және этникалық бірегейлікті өндіру және қалыптастыру каналы ретінде (Түркістан облысы және Шымкент қаласы мысалында)» атты далалық зерттеу жобасының материалдары бойынша аналитикалық жинақтауды ұсынады, теориялық-ұғымдық шеңберді сапалық зерттеу дизайны мен нәтижелердің егжей-тегжейлі сипаттамасымен ұштастырады.

Түйін сөздер: бірегейлік, азаматтық бірегейлік, этникалық бірегейлік, әйелдер, ұрпақаралық сабақтастық, этникалық қауымдастықтар, нарративтік сұхбат, қатыстық бақылау, Шымкент, Түркістан облысы

Зерттеудің мақсаты. Қазақстанның оңтүстігіндегі этникалық қауымдастықтарда әйелдердің азаматтық және этникалық бірегейлікті ұдайы өндіру мен қалыптастырудағы ролін, күнделікті өмірдің моно- және полиэтникалық кеңістіктерінің айырмашылықтарын ескере отырып, сипаттау және талдау.

Ғылыми жаңалығы.

(1) Біртұтас далалық корпус (Шымкент және Түркістан облысы) аясында бірнеше этникалық топтардағы бірегейлікті ұдайы өндірудегі әйелдер рөлдерінің салыстырмалы сипаттамасы берілді.

(2) Күнделікті өмірде әлеуметтенудің әйелдер практикалары арқылы этникалық, ұлттық және азаматтық бірегейліктің қатар өмір сүруі мен өзара тоғысу логикасы көрсетілді.

(3) Жастардағы конфигурациялар вариативтілігін айқындайтын бірегейліктің «жиналу нүктелері» (отбасылық практикалар, локалдық орта, білім беру және өмірлік таңдаулар) эмпириялық түрде сипатталды.

Кіріспе

Әлеуметтанулық зерттеу – күрделі әрі көпкезеңді үдеріс; онда ұйымдастыру кезеңінде әдіснама мен дизайн нәтижелердің сапасы мен релеванттылығын айқындайды. Әдіснама деп зерттеу үдерісінің құрылымын, оның әлеуметтік-ұйымдастырушылық контекстін, философиялық негіздерін, этикалық қағидаттарын және алынатын білімнің саяси салдарларын ұғыну түсініледі [1]. Бұл – жұмыстың бүкіл барысына әсер ететін негізгі кезең: әдіснама зерттеу сұрақтарын тұжырымдауды және тиісті әдістерді таңдауды бағдарлайды.

Зерттеу дизайны – деректерді жинау, өлшеу және талдау сызбасын айқындайтын тұжырымдамалық құрылым; мәні бойынша бұл зерттеушінің әрекет жоспары – болжамдар ұсынудан бастап эмпириялық материалды өңдеуге дейін [2]. С. R. Kothari ұстанымына сәйкес, әрбір зерттеуші нақты міндетке сай өзінің әдіснамалық тәсілін құра білуі маңызды; практикада осы саладағы бұрыннан бар еңбектерге жиі сүйенеді, әсіресе бастапқы кезеңдерде жаңа идеяларды туындатуға немесе бұрынғы шешімдерді өзектілендіруге көмектеседі.

Жарияланымның өзектілігі үш мән-жаймен айқындалады. Біріншіден, әдіснама мен дизайн жөніндегі көптеген мәтіндер жалпы теориялық қағидаттармен шектеліп, қолданудың нақты рәсімдерін көрсетпейді. Екіншіден, халықаралық журналдарда әдіснамалық сипаттамалар тым қысқа беріледі, тәсілді таңдаудың себептері мен оның ерекшеліктері ашып көрсетілмейді. Үшіншіден, қазақстандық ғылыми кеңістікте егжей-тегжейлі әдіснамалық сипаттамасы бар жұмыстарға қолжетімділік шектеулі. Осындай жағдайда мақала этносаралық қатынастар саласында сапалық, әдістемелік тұрғыдан негізделген зерттеулер жүргізетін мамандар үшін практикалық бағдар бола алады.

Жеке бірегейліктің қалыптасуындағы әлеуметтік және этникалық факторлар

Қоғам – өзара байланысқан элементтердің күрделі жүйесі; соған ұқсас түрде жеке бірегейлік те айналадағы адамдар мен орта ықпалымен қалыптасады. Бұл үдерісіне өзге адамдардың бейнелері, өмір салты, тәжірибе үлгілері, өзін-өзі қалыптастырудың жолдары мен тәсілдері, өзін және әлемді таңдаудың әрі түсіндірудің жеке траекториялары ықпал етеді.

Символдық интеракционизм арнасында Дж. Мид пен Ч. Кули баланың дүниетанымы мен оның «Мен-тұжырымдамасы» бастапқы топтарда – ең алдымен отбасында, ата-анасының қасында – пайда болатынын атап өткен; ұқсас ұстанымды Э. Эриксон да ұсынып, баланың әлеуметтік өмірге енуі отбасыдан басталып, онда бастапқы топтық бірегейлік қалыптасады деп

есептеген [3].

Зерттеу жобасы «Қазақстан этникалық қауымдастықтарындағы әйелдер азаматтық және этникалық бірегейлікті өндіру және қалыптастыру каналы ретінде (Түркістан облысы және Шымкент қаласы мысалында)» Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының бұрын жүргізілген жұмыстарына сүйенеді. Екінші деректерді талдау Қазақстандағы көптеген этникалық топтарда балаларды тәрбиелеу үдерісінде гендерлік және рөлдік айырмашылықтар көрініс табатынын көрсетті. Мәселен, ерлер көбіне егіншілік пен логистикада жұмыс істесе, әйелдер – педагогика, медицинада немесе үй шаруасын жүргізуде; бұл кәсіби дифференциация отбасындағы рөлдерді бөлуде де трансляцияланады. Жобаның орталық сұрағы – балаларды тәрбиелеудегі және азаматтық пен этникалық бірегейлікті қалыптастырудағы әйелдердің рөлін, сондай-ақ олардың этникалық қауымдастықтардағы мәртебесі мен орнын айқындау.

Қазақстан – полиэтникалық мемлекет; оның орнықты дамуы азаматтық ұлт пен ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруды қажет етеді. Бүгінде ұлттық бірегейлік азаматтық қажеттілікті мойындауға сүйенеді; елде жаңа ұлттық бірегейлік қалыптасқаны атап өтілген [4], онда символдар ретінде паспорт пен мемлекеттік ту көрінеді, ал қоғам ортақ құндылықтар мен мақсаттарымен біріккен жауапты азаматтардың одағы ретінде түсініледі.

Отандық ғылымда «ұлт», «этнос», «этникалық бірегейлік», «ұлттық бірегейлік», «азаматтық бірегейлік» ұғымдары әлі де пікірталасты; жиі жағдайда «этникалық» пен «ұлттық» синоним ретінде қолданылады. Бұл ұғымдарды ажырату теориялық тұрғыдан да, эмпириялық талдауда операцияландыру үшін де маңызды [5].

Э. Эриксон бірегейлікті өзіндік біртектілікті, ішкі тұтастықты және әлеуметтік келісімді бастан кешіру ретінде айқындады; ол үш құрамдасты бөлді: бірегейлік сезімі, оның қалыптасу үдерісі және қалыптасқан бірегейлік түріндегі нәтиже [6]. Психоаналитикалық және постфрейдистік дәстүрде (З. Фрейд, Ж. Лакан және т.б.) бірегейлік ұғымы одан әрі дамытылды [7]. Әлеуметтануда (Дж. Мид, Ч. Кули, П. Бергер, Т. Лукман, Ю. Хабермас) назар «Меннің» символдық табиғатына және өзара әрекеттесу барысында бірегейліктің қалыптасуына аударылады [8].

Этникалық бірегейлік этникалық топқа тиесілілікті бастан кешіру ретінде көрінеді. Оның негізгі элементтері: туған жер, тіл, дін, этнотарих, мәдени дәстүрлер, символдық өзін-өзі атау. Этникалық бірегейлік этноцентризммен және топтық әрі жеке мінез-құлық ерекшеліктерімен байланыста. Бұл – биологиялық емес, әлеуметтік-мәдени феномен; ол мәдени ерекшеліктің тасымалдаушысы әрі топаралық қатынастардың көрінісі ретінде қарастырылады (Т. Эриксен, Д. Мейсон, Дж. Рекс, Дж. Финни, М. Веркуйтен) [9].

Ұлттық бірегейлік этникалықтан ерекшеленеді; ол ортақ азаматтық символдар мен құндылықтарды мойындаудан көрініс табады. Ұлттық символдарға Ту, Елтаңба, Әнұран, сондай-ақ тарихи-мәдени символдар жатады; мемлекеттік тіл қоғамдық консолидацияның символдық өзегі ретінде көрінеді.

Этникалық және азаматтық бірегейліктің арақатынасы; әйелдердің рөлі

Этникалық бірегейлік тұлғаның рөлдік және мәртебелік сипаттамалары (мінез-құлық ерекшеліктері, еңбек, зияткерлік қабілеттер), сондай-ақ өзіне-өзі баға беру арқылы қалыптасады. Позитивті этникалық бірегейлік жағдайында адам өз қауымына тиесілі болғанына мақтанышпен қарайды және оны жоғары бағалайды; негативті жағдайда – өз тегінен алшақтап, өзге топтарға бағдар ұстайды, бұл декларацияланған (мәлімделген) бірегейлікке алып келеді. Бірқатар шетелдік зерттеулерде этникалық бірегейлік сыртқы қысым мен

кемсітушілік жағдайында тұлғаның ішкі тұтастығын қолдайтын буфер бола алатыны атап өтіледі.

Азаматтық бірегейлік – өзін мемлекеттің азаматы ретінде мойындау, ел ісіне бірлесіп қатысумен және ортақ игілік үшін жауапкершілікпен ұштасқан; ол әрекетті болжайды. Л. М. Дробижеева бойынша, азаматтық бірегейлік мемлекеттің нормалары мен қағидаттарын қабылдаумен шектелмейді, сонымен бірге басқа азаматтармен бірге саяси шешімдер қабылдауға қатысуға ұмтылысты қамтиды [10]. Тіпті моноэтникалық қоғамда да азаматтық бірегейлік интеграциялаушы функцияны атқаруы мүмкін, өйткені жіктелу сызықтары тек этникалық белгі бойынша ғана емес, әлеуметтік, діни, мүлiктік және идеялық негіздер бойынша да өтеді. Соңғы екі онжылдықта азаматтық бірегейлікке зерттеушілік қызығушылық артты; оның сипаттамаларын, этникалық және ұлттық бірегейліктен айырмашылықтарын, сондай-ақ құрылымдық құрамдастарын айқындауға талпыныстар жасалды [11].

Осы тұрғыда әйелдердің азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі айрықша. 2022 жылғы қаңтар оқиғалары азаматшылдық пен толеранттылықты тәрбиелеудің маңызын айқындады; әйелдердің бұл саладағы әлеуеті жоғары, өйткені олар отбасылық әлеуметтенудің негізгі субъектілері болып табылады. Этникалық қауымдастықтарда олар көбіне ішкі әлеуметтік байланыстарды қолдауға жауапты, ал ерлер сыртқы ортамен белсендірек өзара әрекеттеседі. Этникалық та, ұлттық та бірегейліктер бір-бірін жоққа шығармай қатар өмір сүреді: бір адам бір мезетте полимәдени «қазақстандық» (ұлттық) және мономәдени этникалық бірегейліктің (қазақ, орыс, өзбек және т.б.) тасымалдаушысы бола алады. Бірегейліктің қалыптасуы отбасылық және институционалдық әлеуметтендіру агенттеріне сүйенеді; әйелдер – отбасында, ал әйел педагог қызметкерлер – білім беру жүйесі арқылы – этномәдени кодтарды жеткізуде және жалпыазаматтық құндылықтарды түсіндіруде елеулі рөл атқарады.

Әдістеме және эмпирикалық база

Сапалық тәсілді негіздеу

Тақырыптың сезімталдығы мен жеткіліксіз пысықталуы, сондай-ақ объект жиынтығының ықшам әрі әртекті болуына байланысты сапалық зерттеу дизайны таңдалды. Сапалық тәсіл айнымалылардың толық тізбесін алдын ала айқындау қиын болған жерлерде бірегейліктің қалыптасуындағы терең мағыналар мен тетіктерді ашуға мүмкіндік береді. Негізгі қағидат – теориялық қанығу: ақпарат жан-жақты сипат алып, жауаптар қайталана бастаған және жаңа тақырыптар туындамаған сәтте информант әйелдерді жинақтау тоқтатылды.

Әдістер мен рәсім

Жобада сапалық зерттеудің өзара толықтыратын екі әдісі қолданылды:

1. Нарративтік тереңдетілген сұхбат.

Сұхбаттар құрылымданбаған, тереңдетілген сипатта болды және информант әйелдердің өмірлік оқиғалары мен сол оқиғалар өткен контекст айналасында құрылды. Сұхбат алушы әңгіменің барысына ықпалын барынша азайтып, фокусты тақырыптық аяда ұстады.

1) Алдын ала даярланған гайд пайдаланылды (әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар, шұғылданатын ісі, отбасы, күнделікті практикалар, қоршаған ортамен қатынастар, мәдениетаралық өзара әрекеттесулерге көзқарастар туралы негізгі блоктар; кейін – азаматтық және этникалық бірегейліктің құрамдастарына қатысты нақтыланған сұрақтар).

2) Әңгімелер жеке-жеке, информант әйелге жайлы әрі тыныш ортада жүргізілді; аудиожазба рұқсатпен жасалып, кейін транскрипцияланды.

3) Практикалық қиындықтар белгіленді: жұмыспен қамтылудың (соның ішінде ауылшаруашылық жұмыстарының) ықпалы, жекелеген әлеуетті

қатысушылардың бас тартуы, сондай-ақ әңгімелердің шамадан тыс ұзаққа созылуы салдарынан материалдардың бір бөлігінің талдауға жарамсыз болуы.

2. Қатыстық бақылау.

Бақылаулар күнделікті өмірдің полиэтникалық және моноэтникалық кеңістіктерінде (дүкендер, қоғамдық тамақтану орындары, мектептер, көшелер, базарлар және т.б.) жүргізілді. Зерттеуге қатысты визуалдық аспектілер тіркелді: киім, мінез-құлық үлгілері, топ ішіндегі және өзге этнос өкілдерімен қарым-қатынас стильдері, өзара әрекеттесудің тән үлгілері. Далалық күнделіктер жүргізілді; мүмкіндік болған жағдайда визуалдық атрибуттар фото/бейнетіркеуге алынды (орындылығы мен рұқсаттарды сақтай отырып).

Объект, іріктеу және зерттеуге тарту

Зерттеу объектісі – 18 жастан асқан әйелдер: өзбек әйелдері, түрік әйелдері, тәжік әйелдері, күрд әйелдері, кәріс әйелдері (салыстыру үшін – қазақ әйелдері).

Информанттарды тарту әдісі – «қар түйіршігі», қауымдастықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету және сенімсіздік кедергілерін барынша азайту үшін негізгі делдалдарды тарту.

Іріктеу көлемі: зерттеуге **139 информант** әйел қатысты. Карталаудың кеңдігін қамтамасыз ету үшін жас, білім деңгейі, шұғылданатын ісі, отбасылық жағдайы, тұрғылықты жері және өзге әлеуметтік-демографиялық белгілер ескерілді.

Аймақтар және аймақ типтері

Далалық кезең **моно-** және **полиэтникалық** аймақтарды салыстырумен ұйымдастырылды.

Түркістан облысы (полиэтникалық аймақтар):

– Түркістан қ. – қазақ әйелдерімен, өзбек әйелдерімен, түрік әйелдерімен сұхбаттар;

– Мақтаарал ауданы, Эль-Фараби ауылы – тәжік әйелдері;

– Темірлан (шағын аудан) – күрд әйелдері.

Түркістан облысы (моноэтникалық аймақтар):

– Сауран ауданы, Майдантал ауылы – қазақ әйелдері;

– Сауран ауданы, Иқан ауылы – өзбек әйелдері;

– Мақтаарал ауданы, Фирдоуси ауылы – тәжік әйелдері;

– Төле би ауданы, Ленгер қ. – түрік әйелдері;

– Төле би ауданы, Жыланбұзған ауылы – күрд әйелдері.

Шымкент қ. (моноэтникалық аймақтар):

– Қазығұрт ш.а. – қазақ әйелдері;

– Сайрам тұрғын алабы – өзбек әйелдері;

– Маятас ш.а. – күрд әйелдері;

– Қаратөбе ш.а. – түрік әйелдері.

Кәріс әйелдері үшін моно-/полиэтникалық аймақтарға бөлу қарастырылмады, өйткені бұл топқа халықтың тығыз ықшам шоғырлануы тән емес (жоба материалдары бойынша).

Деректерді өңдеу және талдау

Сұхбаттарды транскрипциялап, бақылау материалдарын жүйелегеннен кейін деректер корпусы MAXQDA бағдарламасына жүктелді, бұл келесі әрекеттерді орындауға мүмкіндік берді:

– тақырыптық категориялар мен субкатегориялар бойынша ретке келтіруге;

– кодтау және тақырыптық топтастыру жүргізуге;

– этнотоптар мен кеңістік типтері арасындағы деректерді кейінгі интерпретациялау мен салыстыруды жеңілдетуге.

Жұмысқа жоба әзірлеушілері қатысып, интерпретация кезінде

мағыналардың бұрмалану қаупін төмендетті және далалық жинақтаудан бастап аналитикалық өңдеуге дейінгі барлық кезеңдерде зерттеу логикасының тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Этникалық және азаматтық бірегейліктің арақатынасы және әйелдердің рөлі

1. Бірегейліктердің қатар өмір сүру логикасы

Этникалық, ұлттық және азаматтық бірегейліктер сипатталып отырған контексте бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше қатар өмір сүріп, өзара тоғысады. Этникалық бірегейлік топқа тиесілілікті бастан кешіру ретінде көрінеді (туған жер, тіл, дін, этнотарих, мәдени дәстүрлер, өзін-өзі атау) және топтық әрі жеке мінез-құлық ерекшеліктерімен байланысты. Азаматтық бірегейлік өзін мемлекеттің азаматы ретінде мойындауға негізделеді және жауапкершілікпен, қатысумен, заңға мойынсұнумен ұштасады. Күнделікті өмірде бір субъект бір мезетте полимәдени «қазақстандық» (ұлттық) бірегейлік пен мономәдени этникалық бірегейліктің (қазақ, орыс, өзбек және т.б.) тасымалдаушысы бола алады.

Этникалық бірегейліктің өз ішінде позитивті және негативті қалыптары сараланады. Позитивті форма өз қауымына деген мақтаныш пен онымен байланысын жоғары бағалауды білдіреді; негативті форма – өз тегінен алшақтау, сыртқы үлгілерге бағдарлану және көбіне декларацияланған (мәлімделген) тиесіліліктің қалыптасуы. Бірқатар бақылауларда этникалық бірегейлік сыртқы қысым мен кемсітушілік жағдайында тұлғаның ішкі тұтастығын қолдайтын қорғаныш буфер ретінде көрінеді. Ал азаматтық бірегейлік әрекет ретінде көрініс табады: қоғамдық практикаларға қатысу, нормаларды сақтау, ортақ игілікке өзін қатысты сезіну.

2. Әйелдер – әлеуметтендірудің орталық агенттері ретінде

Сипатталған барлық топтарда әйелдер – ұрпақаралық сабақтастықтың негізгі медиаторлары. Олардың рөлі екі қырлы.

Бір жағынан, әйелдердің қызметі базалық мәдени кодты ұдайы өндірумен ажырамас байланыста: тілді, дәстүрлерді, діни практикаларды, өзара құрмет, еңбек және тәртіп құндылықтарын сақтап, жеткізу. Бұл қабат жаңа ұрпақты «дәстүр рухында» тәрбиелеудің орнықты іргетасын қалайды.

Екінші жағынан, білім мен өзін-өзі іске асыруға қатынаста өзгерістер тіркеледі: оқуға, жаңа дағдыларға, өзге тілдерді меңгеруге қызығушылық арта түсуде; жекелеген жағдайларда жоғары білім мен діни білім алудың маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі. Нәтижесінде әйелдердің өзгермелі қоғам талаптарымен дәстүрлі рөлдерді ұштастыру қабілеті күшейіп, бұл балалардағы этникалық және азаматтық компоненттердің үйлесіміне ықпал етеді.

Отбасылық әлеуметтендіру практикаларында мазмұнның үш бағыты айқын көрінеді:

1. құндылықтық – моральдық бағдарларды, үлкендерді құрметтеу, заңға мойынсұну, жауапкершілік дағдыларын дарыту;

2. шаруашылық-тұрмыстық – үй шаруасын жүргізуді, рөлдерді бөлуді үйрету, бұл дәстүрлі гендерлік практикаларды бекітеді;

3. білім беру және коммуникативтік – оқуға қызығушылықты қолдау, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерді дамыту, тілдерді меңгеру, дүниетанымды кеңейту.

Нәтижесінде жастарда бірегейліктің гибридтенуі орын алады: этномәдени маркерлер сақтала отырып, еңбек, нормаларға құрмет және қоғамдық өмірге қатысу арқылы азаматтық ұстанымдар күшейеді.

3. Топтық акценттер (дала материалдары бойынша)

Түрік әйелдері. Тілдің, діни және күнтізбелік практикалардың, отбасылық нормалардың маңызын көрсететін, этникалық бірегейліктің сақталуы мен нығаюына нұсқайтын практикалар кешені тіркелді. Сонымен қатар тәрбиелік стратегияларда білімге басымдық беру айқын көрінеді, бұл дәстүрлі ұстанымдарды қалалық орта талаптарымен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Тәжік әйелдері. Дәстүрлі гендерлік күтулер байқалады: қыздарды тәрбиелеу қатаң мінез-құлық нормалары мен міндеттерге негізделсе, ұлдарға болашақ көшбасшылар ретінде көбірек еркіндік беріледі. Бірегейлік дәстүрлер, тіл, мәдениет және дін арқылы қалыптасады, отанды тұлғаның туып-өскен және қалыптасқан жері ретінде түсінуге акцент жасалады.

Кәріс әйелдері. Дәстүрлердің «қамқоршы» паттерні тұрақты көрінеді: мәдени кодтарды, отбасылық жадыны, ғұрыптарды және күнделікті практикаларды жеткізу балаларда өз тобына тиесілілік сезімін қалыптастырудың тікелей тетігі болып, этномәдени бірегейліктің үздіксіздігін қолдайды.

Күрд әйелдері. Мәдени мұраның сақтаушылары ретіндегі рөл әлеуметтік байланыстарды кеңейту және балаларға жаңа мүмкіндіктер беру бағдарымен ұштасады. Дәстүрлерді сақтау мен қазақстандық қоғамға кірігу арасындағы тепе-теңдікті қолдауға ұмтылыс тұрақты түрде байқалады: жергілікті практикалар интеграцияланады, тілдік және мінез-құлықтық бейімделу жүреді, базалық этномәдени маркерлер сақталады.

Өзбек әйелдері / түрік әйелдері / кәріс әйелдері (салыстырмалы фрагмент). Бұл топтардағы әйелдердің бірегейлігі өзгермелі қазіргі қоғам динамикасының ықпалымен қалыптасады; дәл отбасы нормалары мен қалалық орта талаптарының үйлесімі гибриді бірегейліктердің векторын айқындайды.

4. Аймақтық және өмірлік трансформация факторлары

Қалалану, тілдік ассимиляция және этносаралық некелер бірегейлік трансформациясын күшейтетіні атап өтілді. Өмірлік траекторияларды саналы таңдау (мамандық, жұбай, тұрғылықты жер) маңызды мәнге ие болады. Бұл шешімдер азаматтық және этникалық құрамдастардың «жиналу нүктелері» ретінде көрініп, бірегейліктің жеке конфигурацияларын айқындайды.

5. Жұмыс гипотезасын растау

Зерттеу нәтижелері балалардың әлеуметтенуінде және олардың азаматтық пен этникалық бірегейлігін айқындауда аналардың басым рөлі туралы жұмыс гипотезасын растайды. Азаматтық бірегейлік балаларға түсінікті күнделікті практикалар арқылы беріледі – еңбек, үлкендерді құрметтеу, ережелер мен заңдарды сақтау, ортақ іске жауапты қарау. Этникалық бірегейлік – тіл, дәстүрлер, күнделікті өмірдің символдық және ритуалдық формалары арқылы беріледі.

Нәтижелерді жинақтау және қорытындылар

Шымкент қаласы мен Түркістан облысында моно- және полиэтникалық ортамен сипатталатын аймақтарда жинақталған далалық корпус этникалық топтардан (өзбек әйелдері, түрік әйелдері, тәжік әйелдері, күрд әйелдері, кәріс әйелдері; салыстыру үшін – қазақ әйелдері) 139 информант әйелді қамтиды. Сапалық зерттеу дизайнды (нарративтік тереңдетілген сұхбаттар және қатыстық бақылау) қолдану бірегейлікті ұдайы өндірудің күнделікті тетіктерін реконструкциялауға және нормалар мен құндылықтардың ұрпақаралық сабақтастығындағы әйелдердің рөлін сипаттауға мүмкіндік берді.

1. Дала деректері бойынша реконструкциялау қорытындылары.

Материалдар келесі нәтижелерге келуге мүмкіндік берді:

– этникалық қауымдастықтардағы әйелдердің әлеуметтік-мәдени портретін жасауға;

- олардың қауымдастықтар ішіндегі мәртебесі мен орнын айқындауға;
- бірегейліктің басым типтерін және олардың арақатынасын (этникалық, ұлттық, азаматтық) анықтауға;
- жаңа ұрпақта бірегейлікті қалыптастырудағы әйелдердің арналары мен рөлдерін сипаттауға.

2. Әйелдердің рөлдерін айқындайтын факторлар құрылымы.

Екі бірін-бірі толықтыратын қабат айқындалады.

Бір жағынан, тұрақты дәстүрлі-нормативтік контур: тілді, діни және отбасылық практикаларды, мәдени жадты, құрмет пен тәртіп нормаларын қолдау – тәрбиенің берік іргетасы ретінде.

Екінші жағынан, күнделікті стратегияларда өзгерістер тіркеледі: білім мен өзін-өзі дамытуға артқан назар, жаңа дағдылар мен тілдерді меңгеруге дайындық. Нәтижесінде әйелдердің рөлдері этномәдени маркерлерді сақтауды заманауи социум талаптарымен ұштастырады.

3. Этникалық және азаматтық бірегейліктердің арақатынасы.

Бұл бірегейлік формалары қатар өмір сүріп, қабаттасады. Этникалық бірегейлік «өз» тобына (жер, тіл, дін, дәстүрлер, өзін-өзі атау) деген байланыс және белгілі мінез-құлықтық үлгілер арқылы көрінеді. Азаматтық – өзін азамат ретінде мойындау, жауапкершілік, қатысу және нормаларды сақтау арқылы. Күнделікті өмірде бір адам этномәдени маркерлерді сақтай отырып, ортақ азаматтық құндылықтарды да бөлісе алады. Позитивті этникалық бірегейлік (қауыммен байланысын жоғары бағалау және мақтаныш) тұлғаның ішкі тұтастығын нығайтады; негативтісі алшақтаумен және басым түрде мәлімделген тиесілілікпен қатар жүреді.

4. Әйелдер – ұрпақаралық сабақтастықтың орталық агенттері ретінде.

Сипатталған барлық топтарда әйелдер – әлеуметтендірудің негізгі медиаторлары. Олардың үлесі үш мазмұндық бағытта көрінеді:

- құндылық-нормативтік (моральдық бағдарлар, үлкендерді құрметтеу, заңға мойынсұну, жауапкершілік);
- шаруашылық-тұрмыстық (рөлдерді бөлуді және шаруашылық жүргізуді үйрету);
- білім беру және коммуникативтік (оқуды қолдау, қабілеттерді дамыту, тілдерге қызығушылық және кеңірек дүниетаным).

Осы арналар арқылы әрі этникалық маркерлер (тіл, дәстүрлер, ғұрыптар), әрі азаматтық ұстанымдар (еңбекқорлық, ережелерді сақтау, ортақ іске қатысу) беріледі.

5. Аймақтық айырмашылықтар және өмірлік траекториялар.

Моно- және полиэтникалық аймақтар арасындағы айырмашылықтар маркерлер комбинацияларында көрінеді: ауылдық және ықшам қоныстарда дәстүрлі-діни компоненттер айқынырақ, ал қалалық ортада – білім беру және кәсіби компоненттер. Бірегейлік конфигурациясына білім, кәсіп, тұрғылықты жер, отбасылық шешімдер сияқты таңдау мен траекториялар ықпал етеді, олар бірегейліктің «жиналу нүктелері» ретінде әрекет етеді.

6. Жұмыс гипотезасын растау.

Алынған материалдар жобаның бастапқы ұстанымын растайды: отбасылық әлеуметтенудің шекараларын ең алдымен аналар айқындайды және осылайша балаларда әрі азаматтық, әрі этникалық бірегейліктің қалыптасуына елеулі әсер етеді. Азаматтық құрамдас еңбек, жауапкершілік, нормаларға құрмет сияқты күнделікті практикалар арқылы, ал этникалық – тіл, дәстүрлер және күнделікті өмірдің ритуалдық формалары арқылы беріледі.

Жалпы алғанда, нәтижелер Қазақстанның оңтүстігіндегі этникалық қауымдастықтарда әйелдердің рөлдері бір мезетте этномәдени сабақтастықтың сақталуын және ортақ азаматтық нормалардың меңгерілуін

қамтамасыз ететінін, ал бірегейліктің нақты конфигурациясы отбасылық практикалардың, жергілікті ортаның және әйелдердің өздері мен олардың балаларының өмірлік таңдауларының тоғысындағы өзара ықпалдастықта қалыптасатынын көрсетеді.

Зерттеуді қаржыландыру көзі

AP14870213 «Женщины этнических сообществ как канал воспроизводства и формирования гражданской и этнической идентичности (на примере Туркестанской области и города Шымкента)» зерттеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландыру гранты жобасы аясында жүзеге асырылуда.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі

1. Neuman W. L. Social research methods: Qualitative and Quantitative Approaches. Seventh Edition. - Pearson Education Limited, 2014. -594 p.
2. Kothari C. R. Research Methodology: Methods And Techniques (Multi Colour Edition). – Paperback, 2008. –401 p.
3. Erikson E. H. Life history and the historical moment. - New York: Norton, 1975. –283 p.
4. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» XXXII сессиясының жұмысына қатысты / / ҚР Президентінің ресми сайты. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-prinyal-uchastie-v-rabote-xxxii-sessii-assamblei-naroda-kazahstana-spravedlivyy-kazahstan-edinstvo-stabilnost-razvitie-273488>
5. Sikevich Z.V., Skvortsov N.G. RUDN Journal of Sociology, 2020, 20 (2), 277 –291
6. Эриксон Э. Молодой Лютер. Психоаналитическое историческое исследование. /Эрик Г. Эриксон; пер. с англ. А.М. Каримского. – М.: Московский философский фонд «Медиум», 1996. –560 с.
7. Лезьер В.А. Идентичность в процессе реконструкции субъективности в дискурсе Жака Лакана // Манускрипт. - 2020. - №12. – С. 221-228
8. Эриксон, Э. Идентичность: юность и кризис / Э.Эриксон //пер. с англ. – М.: Флинта, 2006. –342 с.
9. Ким, . Г. . ., Эшмент, Б. ., Садвокасова, А., Накипбаева, Ж., & Отар, Э. (2024). Роли и место женщин этнических групп в формировании социальной идентичности: методология и дизайн исследования. Адам әлемі, 100(2), 73–82. <https://doi.org/10.48010/aa.v100i2.585>
- 10.Дробижеева Л.М. Смыслы общероссийской гражданской идентичности в массовом сознании россиян // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2020. - № 4. - С. 480–498
- 11.Petrovska I. Psychological model of civic identity formation // Journal of Education Culture and Society. – 2021. - №12 (2). - P. 167-178
- 12.Morse J. M. Approaches to qualitative-quantitative methodological triangulation // Nursing Research. – 1991. №40(1). - P. 120-123
- 13.Muylaert C. J., Sarubbi Jr. V., Gallo P. R., Neto M. L. R. & Reis A. O. A. Narrative interviews: an important resource in qualitative research. // Revista Da Escola de Enfermagem Da USP. - 2014. - №48 (spe2). P. 184–189
- 14.Штомпка П. Визуальная социология. Фотография как метод исследования: учебник/ пер. с польск. Н.В. Морозовой, авт. вступ. ст. Н.Е. Покровский. — М.: Логос, 2007. — 168 с.
- 15.Садвокасова А., Отар Э., Ким Г., Накипбаева Ж. Роль и место женщин этнических сообществ в конструировании идентичности в Казахстане // Государственное управление и государственная служба. 2024. № 3 (90). С. 62–77. DOI: 10.52123/1994-2370-2024-1283.